**Бекітемін:**

**№11 «Балапан» бөбекжай-**

**бақшасы» КМҚК –ның**

**меңгерушісі:__________С.Мухашова**

**Педагогикалық кеңеспен**

**БЕКІТІЛГЕН**

**«17» қазан 2022 жыл №2 хаттама**

# Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Тобы: №4 «Балапан» Ерте жас тобы

Топ тәрбиешілері: Кемалова Маржан

Бозғұлова Жансая

Қызылорда облысының Білім басқармасының
Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің
№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
меңгерушісі _______ А.Ершова

# Күн тәртібі

«Балапан» ерте жас тобы
2022-2023 оқу жылы

| Күн тәртібі | Уақыты |
|---|---|
| Балаларды қабылдау | 08.00 – 09.00 |
| Ата-аналармен әңгімелесу,кеңес беру | |
| Балалардың дербес әрекеті (бояу қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | |
| Таңертеңгі жаттығу | 09.00–09.10 |
| Таңғы ас | 09.10–10.00 |
| Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық | |
| Білім беру ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс- әрекет | |
| Дәрумендік ас | 10.30-11.00 |
| Серуенге дайындық | 11.00-11.50 |
| Серуен | |
| Серуеннен оралу | |
| Түскі ас | 11.50 – 12.30 |
| Күндізгі ұйқы | 12.30 – 15.00 |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | 15.00 – 15.30 |
| Балалардың дербес әрекеті (бояу қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | |
| Бесін ас | 16.05 – 16.30 |
| Балалармен жеке жұмыс | 16.30-17.00 |
| Серуенге дайындық | 17.00-18.00 |
| Серуен | |
| Балалардың үйге қайтуы | 18.00-18.30 |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы: №11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы**
**Топ: «Балапан» ерте жас тобы**
**Балалардың жасы : 1 жас**

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қыркүйек | Дене шынықтыру | |
| | Сөйлеуді дамыту | **Сөзді түсіну.** Суреттерден ересектің айтқан сөзіне сәйкес келетін ойыншықтарды, заттарды, киімдерді, ыдыс-аяқтарды табу және көрсету. **Белсенді сөйлеуді дамыту** Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау |
| | Көркем әдебиет | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту. |
| | Сенсорика | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды орындау, түрлі өлшемдегі 2–3 сақинадан тұратын конустық негіздегі (өзекшесі) пирамидаға, кейіннен тік өзектегі пирамидаға бір өлшемді бірнеше сақинаны, содан кейін түрлі өлшемді екі топтағы сақиналардыбелгілі реттілікпен жинау. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Баланың өзіне деген қызығушылығын қалыптастыру. Фотосуреттерден өзін, құрдастарын тану. Өзіне жақын ересектер мен құрдастарына жағымды қарым-қатынас таныту (күлімсіреу, басын изеу, қолын бұлғау). |
| | Мүсіндеу | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Балалардың мүсіндеуге қызығушылығын ояту. Сазбалшықпен таныстыру. |
| | Музыка | |

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы: №11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы**
**Топ: №4«Балапан» ерте жас тобы**
**Балалардың жасы : 1 жастағы**

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Қыркүйек 2022 ж.** | Дене шынықтыру | **Жалпы дамытушы жаттығулар.** жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдікті жетілдіруге мүмкіндік беретін негізгі қимыл түрлерін дамыту және үйлестіру.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру.** тура жолдың бойымен (ені 25-30 см, ұзындығы 2–3 м) жүру<br>**Секіру.** еденде жатқан лентадан аттап өту.<br>**Еңбектеу, өрмелеу.** доғаның астынан төрттағандап еңбектеп өту.<br>**Лақтыру, қағып алу, дәлдеп лақтыру.** допты екі қолыңызбен Алға лақтыру.<br>**Тепе-теңдік сақтау.** Түзу жолмен жүру. |
| | Сөйлеуді дамыту | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. **құрылымы мен мазмұны бойынша қарапайым сөз тіркестерін түсіну.**( өтініштерді орындауды, ойыншықтармен күрделі емес шағын қойылымдар көрсетуді, тұрмыстық және қызықты жағдайларды суреттейтін 1-3 әрекетті;)<br>**Сөздік қор.** ойындар мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорды кеңейту. өзінің, жақын туыстарының есімін атауға үйрету.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** балаларды тәрбиешінің сөзін түсінуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге үйрету. |
| | Көркем әдебиет | **Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру:** қысқа, қарапайым әңгімелерді, әрекеттерді және аудио-бейне материалдарды түсіну; |
| | Сенсорика | **Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру:** Заттарды пайдалану дағдыларын қалыптастыру - бүктеу және жинау мүмкіндігін орындауға үйрету. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | **Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру:** Жануарлар әлемі туралы алғашқы идеяларды қалыптастыру. Бір-бірімен аты-жөнімен байланыса білу, басқаларға құрметпен қарауға тәрбиелеу |

| | | |
|---|---|---|
| | Сурет салу | **Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру**: Балалардың қарындаштармен сурет салуға деген ынтасын қалыптастыру. |
| | Мүсіндеу | **Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру:** Балалардың ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру. |
| | Музыка | **Музыка тыңдау:** балалардың әуендер мен әндердің сөздерін тыңдау қабілетін қалыптастыру ;<br>**Ән айту:** ересек адамның орындауындағы әндерді тыңдайды және оны қайталауға үйрету;<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Дағдылардың қалыптасуы: қарапайым музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: қол шапалақтау, аяқпен жүру. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы: №11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы**
**Топ:№4«Балапан» ерте жас тобы**
**Балалардың жасы : 1 жас**

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қазан | **Дене шынықтыру** | |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөзді түсіну.**<br>Суреттерден ересектің айтқан сөзіне сәйкес келетін ойыншықтарды, заттарды, киімдерді, ыдыс-аяқтарды табу және көрсету.<br>**Белсенді сөйлеуді дамыту**<br>Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау |
| | **Көркем әдебиет** | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту. |
| | **Сенсорика** | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды орындау, түрлі өлшемдегі 2–3 сақинадан тұратын конустық негіздегі (өзекшесі) пирамидаға, кейіннен тік өзектегі пирамидаға бір өлшемді бірнеше сақинаны, содан кейін түрлі өлшемді екі топтағы сақиналардыбелгілі реттілікпен жинау. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Баланың өзіне деген қызығушылығын қалыптастыру. Фотосуреттерден өзін, құрдастарын тану. Өзіне жақын ересектер мен құрдастарына жағымды қарым-қатынас таныту (күлімсіреу, басын изеу, қолын бұлғау). |
| | **Мүсіндеу** | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Балалардың мүсіндеуге қызығушылығын ояту. Сазбалшықпен таныстыру. |
| | **Музыка** | |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қараша | **Дене шынықтыру** | |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөзді түсіну.**<br>Өз дене мүшелерін және ойыншық жануарлардың дене мүшелерін (қол, аяқ, бас, ауыз, көз, құлақ), тұрмыстық және ойын әрекеттерін (жуыну, қыдыру); заттардың түстерін (қызыл, көк), қарама-қарсы өлшемдерді (үлкен, кіші), фигураларды (текше, кірпіш) білдіретін сөздерді түсіну.<br>**Белсенді сөйлеуді дамыту**<br>Белсенді сөздікті жақын адамдардың атауларымен (ана, әке, ата, әже), күнделікті жиі қолданатын таныс заттар мен ойыншықтардың, тағам атауларымен (ботқа, су, сүт), белгілі қимылдарды (ал, бер, аш, тұр, жібер, ұйықта, бар) білдіретін сөздермен толықтыру. |
| | **Көркем әдебиет** | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Шағын, мазмұны түсінікті өлеңдерді, әңгімелерді, тақпақтарды, бесік жырларын тыңдату, шығарманы оқып беруді суреттер, ойыншықтар, әрекеттерді көрсетумен (әңгімелеу) сүйемелдеу. Оқылатын шығарма мазмұнының баланың жасына сәйкестігіне және мәнерлеп оқылуына мән беру. |
| | **Сенсорика** | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** түрлі өлшемдегі 2–3 сақинадан тұратын конустық негіздегі (өзекшесі) пирамидаға, кейіннен тік өзектегі пирамидаға бір өлшемді бірнеше сақинаны, содан кейін түрлі өлшемді екі топтағы сақиналардыбелгілі реттілікпен жинау. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстарына қызығушылықтыояту. Өлі табиғат заттарымен (су, құм, тас) таныстыру, олармен әрекет етуді көрсету (сумен жуыну, құммен ойнау, тастарды жинау).<br>Гүлдеп тұрған өсімдікті бақылау, оның бөліктерін (гүл, жапырақ) көрсету. |
| | **Мүсіндеу** | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Ермексаздың, сазбалшықтың кесектерін алақан арасында домалатып, «шарлар» жасау, |
| | **Музыка** | |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Желтоқсан | **Дене шынықтыру** | |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөзді түсіну.**<br>Күнделікті өміріне байланысты қарапайым сөз тіркестерін түсіну, өтініштерді орындау, ойыншықтармен күрделі емес бейнелі ойындар ойнау, тұрмыстық жағдаяттарды суреттейтін 1-3 әрекетті көрсету.<br>**Белсенді сөйлеуді дамыту**<br>Ересектердің сөздерін тыңдауға, «Бұл кім?», «Бұл не?», «Не істеді?» деген қарапайым сұрақтарға жауап беруге, ыммен, қимылдар арқылы көрсетуден біртіндеп сөзбен айтуға көшуге, екі сөзден тұратын сөйлемдерді айтуға баулу. |
| | **Көркем әдебиет** | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Жалпақ және көлемді иллюстрациялары бар кітаптарды қарауға тарту. |
| | **Сенсорика** | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Заттардың көлеміне (үлкен, кіші), түсіне (қызыл, көк) бағдар жасай отырып, әртүрлі әрекеттер (ашу - жабу, өткізу - шығару, домалату, қадау, сабақтау, қою, байлау, төсеу) жасау. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Қоршаған ортадағы жануарларды көрсету, олардың дауыстарын (қозы - мәәә, бұзау - мөөө, мысық - мияу, ит – аб-аб) келтіру.<br>Өсімдіктер мен жануарларға деген қызығушылықтарын ояту, оларға қамқор болуға баулу. |
| | **Мүсіндеу** | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Ермексаздың, сазбалшықтың кесектерін алақан арасында домалатып, «шарлар» жасау, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу. |
| | **Музыка** | |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қаңтар | **Дене шынықтыру** | |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөзді түсіну.** Түсінетін сөздер қорын кеңейту. **Белсенді сөйлеуді дамыту** Дыбыстық тіркестерді жалпы қолданыстағы сөздермен ауыстыруға (бәәә -бота, мәәә - қозы, мөөө - бұзау, мәәә - лақ, мияу - мысық, аб-аб - ит), туыстық атауларды (аға, апа, тәте, көке), төрт түліктің (ат, тай, бота), жиі қолданылатын азық-түлікті (нан, шәй, май, сүт, көже) білдіретін жеңіл сөздерді айтуға баулу. |
| | **Көркем әдебиет** | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Көрнекіліксіз таныс мазмұны қарапайым шығармаларды тыңдау, олардың мазмұнына эмоциямен жауап беру, шығарма мәтінінің кейбір сөздерін қайталау және мазмұнында айтылатын қарапайым әрекеттерді, дыбысқа еліктеу мен ойынәрекеттерін орындау. |
| | **Сенсорика** | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Өлшемі бойынша заттарды ажырата білу, ересектің көмегімен 4-5сақинадан (үлкенінен кішіге қарай) тұратын пирамиданы жинау. Тиісті пішіндегі (дөңгелек, шаршы) қораптар мен қобдишаларға қақпақтарды таңдау, екі бөліктен тұратын қиылған суреттерді жинау. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Ата-анасы мен өзіне жақын отбасы мүшелерін (анасы, әкесі, ағасы, апасы,әжесі, атасы) тану, қоршаған кеңістікті (бөлме – пәтер, үй – кіреберіс, аула- балалар алаңы) бағдарлау, күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын заттардытану. Ересектермен (дауысын тыңдау, қимылына еліктеу, одан көмек сұрау) және құрдастарымен (әрекетін бақылау, ойнап отырған құрдасының жанына бару, ойыншықтарын алмастыру, өзара келісім бойынша оларды тартып алмай, сұрап алу) өзара әрекет етуге баулу, балалар мен ересектердің бірлескен ойындарына жағдай жасау (доппен, құммен, сумен ойнау). |
| | **Мүсіндеу** | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолданабілуге үйрету. |
| | **Музыка** | |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Ақпан | Дене шынықтыру | |
| | Сөйлеуді дамыту | **Сөзді түсіну.** Заттардың түсін (қызыл, көк, сары, жасыл), өлшемін (үлкен, кіші), заттардың күйін (таза, кір), мерзімдік (қазір), сандық (біреу, көп) қатынастырады, қалауларын білдіруге қажетті сөздерді (тамақ ішу, ұйықтау, су ішу), дене мүшелерін білдіретін сөздерді түсіну.<br>**Белсенді сөйлеуді дамыту**<br>Сөздік қорды ойыншықтар, киімдер, ыдыстар, көлік түрлерін білдіретін зат есімдермен, тұрмыстық (киіну, жуыну), ойын (ойнау, салу, домалату, тебу) әрекеттерін білдіретін, қарама-қарсы мағыналы (ашу-жабу, бару-келу, алу-салу)етістіктермен, заттардың түсін, пішінін, білдіретін сын есімдермен толықтыру.<br>Ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынаста алғашқы әдеп нормаларына сәйкес сөздерді қолдануды үйрету (амандасу, қоштасу, рахмет айту). |
| | Көркем әдебиет | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Ересектің көмегімен тақпақтарды, қысқа өлеңдерді және әңгімелер мен ертегілердің мазмұнын қайталап айту, көркем шығарма мазмұны бойынша қойылымдарға қатысу. |
| | Сенсорика | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Күрделі заттармен әрекеттерді орындау – сақиналары бар таяқшамен, торлы дорбамен, күрекшемен сәйкес келетін ойыншықтар мен шарларды жылжыту, алу және орындарын ауыстыра білу, қазықшаларды ылғал құмғабалғамен қағып, кіргізе білу. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Мінез-құлық мәдениетінің дағдыларын қалыптастыру: амандасу, қоштасу, алғыс айту. Баланың құрдастарына деген мейірімді қарым-қатынасын үлгі ету. Жанашырлық пен елгезектік танытуға баулу. |
| | Мүсіндеу | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолданабілуге үйрету. |
| | Музыка | |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Наурыз | **Дене шынықтыру** | |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөзді түсіну.**<br>Таныс заттарды ересектердің көмегімен түсі бойынша таңдау.<br>**Белсенді сөйлеуді дамыту**<br>Күнделікті өмірдегі, суреттегі заттардың атын атау, ересектер менқұрдастарынан көмек сұрау, өтініш білдіру, еліктеу бойынша жаңа сөздерді, екі- үш сөзден тұратын сөйлемдерді айту, қарапайым сұрақтарға жауап беру. |
| | **Көркем әдебиет** | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Таныс шығармалар мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, драмалық ойындарға, қойылымдарға қатысуға баулу, ондағы игерген тәжірибелерін еркін ойындарда қолдануға мүмкіндік беру. |
| | **Сенсорика** | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Біртекті заттарды ортақ белгісі: пішіні, түсі бойынша топтастыру, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту үшін заттармен әрекет жасау, дидактикалық ойындар барысында және тұрмыста балалардың сенсомоторлық «көз бен қолды» үйлестіру. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Өлі табиғат заттарының қасиеттерін (су, құм, тас) ойын арқылы түсіну (суды құю, төгу, шашу, құмды салу, шашу, жинау, мүсіндеу, тасты жинау, қалау).<br>Табиғаттағы ауа-райы құбылыстарын бақылау (жаңбыр, жел, күннің жарқырауы, қар). |
| | **Мүсіндеу** | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолданабілуге үйрету. |
| | **Музыка** | |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Сәуір | **Дене шынықтыру** | |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөзді түсіну.**<br>Жануарлардың қимылын (лақ секіреді, құс ұшады), дыбыстауын (қозы маңырайды: мәәә, бұзау мөңірейді: мөөө, мысық мияулайды), білдіретін сөздерді түсіну және дыбыстық тіркестердіатау.<br>**Белсенді сөйлеуді дамыту**<br>Айналасындағы адамдардың сөзін тыңдау, олардың ауызша айтылған талаптарды орындау. |
| | **Көркем әдебиет** | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Үстел үсті, саусақ театрларын өз бетінше ойнау. |
| | **Сенсорика** | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Естуді дамыту үшін әртүрлі дыбыс шығаратын заттардың (қоңыраулар, аспалы металл таяқшалар, шиқылдайтын ойыншықтар, музыкалық ойыншықтар) дыбысын тыңдау, қабылдауды дамыту үшін бір мезгілде екі қасиетті: түс пен өлшемді, пішін мен өлшемді, пішін мен түсті, негізгі төрт түсті (қызыл, көк, сары, жасыл) ажырату. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Көгөністер (қызанақ, қияр, сәбіз) мен жемістердің (алма, алмұрт, шие, өрік) сыртқы түрін тану және атауларын білу. Өсімдіктердің (ағаш, жапырақ, гүл) өзіннемесе оларды суретінен тану және атау.<br>Қоршаған ортадағы жануарларға (лақ, бота, құлын), құстарға (тауық, үйрек, қаз) қызығушылықты ояту, олардың дене бөліктерін (басы, көздері, құлақтары, құйрығы, аяқтары, қанаттары) табу, дауыстарын салу, қимылдарын бақылау, қимылдарды ойындарда қайталау. |
| | **Мүсіндеу** | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолданабілуге үйрету. |
| | **Музыка** | |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Мамыр | **Дене шынықтыру** | |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөзді түсіну.**<br>Адамның қимылын(жүреді, жүгіреді, билейді) білдіретін сөздерді түсіну және дыбыстық тіркестердіатау.<br>**Белсенді сөйлеуді дамыту**<br>Ересектердің сөзін қайталау арқылы дұрыс сөйлеу дағдыларын, ана тілінің грамматикалық нормаларын ескеріп, сөйлемдерді құруды қалыптастыру. |
| | **Көркем әдебиет** | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Кітаптардағы суреттерді өз бетінше қарауға, ондағы таныс кейіпкерлерді көрсетуге мүмкіндік беру. Көркем сөзге, мәнерлеп сөйлеуге қызығушылықты ояту |
| | **Сенсорика** | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Дидактикалық ойыншықтармен, шағын және ірі құрылыс материалдарымен өз бетінше ойнауға мүмкіндік беру. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (өсімдіктерді, бөгде және лас заттарды ұстамау, ауызға салмау, сондай-ақ құммен және сумен ойындарда лас суды ішпеу және төкпеу, құмды, топырақты шашпау).<br>Өсімдіктер мен жануарларға деген қызығушығын дамыту, оларға қамқор болуға баулу.<br>Айналасындағы заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру, «болады – болмайды», «қауіпті» сөздерінің мағынасын түсіндіру. |
| | **Мүсіндеу** | **Біліктілікпен дағдыларды қалыптастыру:** Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолданабілуге үйрету. |
| | **Музыка** | |